**Ауыл шаруашылығы өсімдіктерін сұрыптық сынақтан өткізу қағидаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 2 шілдедегі № 4-2/602 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 13 тамызда № 11879 болып тіркелді.

"Тұқым шаруашылығы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 8-4) тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 19.04.2021 № 129 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Ауыл шаруашылығы өсімдіктерін сұрыптық сынақтан өткізу қағидалары бекітілсін.

2. "Ауыл шаруашылығы өсімдіктерін сорттық сынақтан өткізу туралы нұсқауды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2009 жылғы 26 наурыздағы № 167 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5651 тіркелген, Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге орталық мемлекеттік органдарының актілері жинағында жарияланған, 2009 жылғы № 7) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіру мен қайта өңдеу және фитосанитариялық қауіпсіздік департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарына және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесіне ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

| | |
|---|---|
| *Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі* | *А. Мамытбеков* |

"КЕЛІСІЛГЕН"
Қазақстан Республикасының
Әділет министрі
___________ Б. Имашев
2015 жылғы "___" __________
"КЕЛІСІЛГЕН"
Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі
______________ Е. Досаев
2015 жылғы 14 шілде

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің
2015 жылғы 2 шілдедегі
№ 4-2/602 бұйрығымен
бекітілген

**Ауыл шаруашылығы өсімдіктерін сұрыптық сынақтан өткізу қағидалары**

Ескерту. Қағида жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 19.04.2021 № 129 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Ауыл шаруашылығы өсімдіктерін сұрыптық сынақтан өткізу қағидалары ( бұдан әрі – Қағидалар) "Тұқым шаруашылығы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Тұқым шаруашылығы туралы заң) 6-бабы 1-тармағының 8-4) тармақшасына, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заң) 10-бабы 1) тармақшасына, "Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңына (бұдан әрі – Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы заң) сәйкес әзірленді және ауыл шаруашылығы өсімдіктерін сұрыптық сынақтан өткізу тәртібін, сондай-ақ " Ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің шаруашылыққа пайдалылығын мемлекеттік сынау" мемлекеттік қызметін (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) көрсету тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) Ауыл шаруашылығы дақылдарын сорттық сынау жөніндегі мемлекеттік комиссия (бұдан әрі – Мемлекеттік комиссия) – өсімдіктер сұрыптарының патент қабілеттілігі мен шаруашылыққа пайдалылығына сараптама жасауды және сынақты жүзеге асыратын уәкілетті органның қарамағындағы ұйым;

2) ауыл шаруашылығы өсімдіктері – дәнді, дәнді бұршақтық, жармалық, азықтық, майлы, эфирлі-майлы, техникалық, көкөністік, дәрі-дәрмектік, гүлдік, жемістік, жидектік дақылдар, картоп, жүзім;

3) өтінім беруші – селекциялық жетістікке патент беруге өтінім және (немесе) селекциялық жетістікті шаруашылыққа пайдалылығына сынауға өтінім берген жеке немесе заңды тұлға;

4) патент қабілеттілігі – сұрыптың жаңалық, ерекшелік, біртектілік және тұрақтылық өлшемшарттарына сәйкестігі;

5) сараптама ұйымы – Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы заңның 3-2-бабының 1-тармағына сәйкес қызметті жүзеге асыратын селекциялық жетістіктерді қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органға ведомстволық бағынысты ұйым;

6) сұрып – аталған генотипті немесе генотиптер комбинациясын сипаттайтын белгілердің айқындылық дәрежесі бойынша айқындалатын, сол бір ботаникалық таксондағы ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің басқа топтарынан бір немесе бірнеше белгісімен не белгілердің айқындылық дәрежесімен ерекшеленетін және тұрақты болып табылатын ең төменгі ботаникалық таксондар шеңберіндегі ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің тобы. Клон, желі, бірінші ұрпақ буданы, популяция сұрыптың қорғалатын санаттары болып табылады;

7) сұрыптық сынақ – селекциялық жетістіктің патент қабілеттілігі мен шаруашылыққа пайдалылығын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүргізілетін сараптама және сынақ;

8) тұқым шаруашылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – тұқым шаруашылығы саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

9) "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторы (бұдан әрі – оператор) – "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын, бекітіліп берілген "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының жұмыс істеуін қамтамасыз ету жүктелген заңды тұлға;

10) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен құрылған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық таңбалар жиынтығы;

11) жер учаскесі – Қазақстан Республикасының жер кодексінде белгіленген тәртіппен жер қатынастары субъектілеріне бекітіліп берілетін, тұйық шекара ішінде бөлінген жер бөлігі.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 11.06.2026 № 236 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Сұрыптық сынақтан өткізуге арналған тұқымдық және отырғызу материалының үлгісі өткен жылғы не ағымдағы жылғы өнімнен іріктеледі және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2004 жылғы 23 тамыздағы № 453 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3080 болып тіркелген) бекітілген тұқымға арналған құжаттаманың нысандары бойынша ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің тұқымдарына арналған аттестат немесе куәлік қоса беріледі.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 23.12.2024 № 408 (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен; орыс тіліндегі мәтініне өзгеріс енгізіледі, қазақ тіліндегі мәтіні өзгермейді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 11.06.2026 № 236 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Сұрыптық сынақтан өткізу үшін Қазақстан Республикасына әкелінетін тұқымдық және отырғызу материалының үлгісіне Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 29 маусымдағы № 15-08/590 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12032 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасының аумағын карантиндік объктілерден және бөтен текті түрлерден қорғау жөніндегі қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша фитосанитариялық сертификат және сұрыптық және егістік сапаларын растайтын құжаттар бірге жүреді.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 23.12.2024 № 408 (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен; орыс тіліндегі мәтініне өзгеріс енгізіледі, қазақ тіліндегі мәтіні өзгермейді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 11.06.2026 № 236 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Сұрыптық сынаққа Мемлекеттік комиссия мен өтінім беруші арасында жасалған шартта көзделген жағдайларды қоспағанда, бөтен қоспалардан, басқа өсімдіктердің тұқымдарынан таза, сондай-ақ қабықтанбаған және дәріленбеген тұқымдық және отырғызу материалының үлгілері келіп түседі.

6. Сұрыптық сынаққа ұсынылған тұқымдық және отырғызу материалының үлгілері ішкі және сыртқы заттаңбамен келіп түседі, ол мыналарды қамтиды:

1) сұрыптың атауы (егер аты әлі айқындалмаса, онда селекциялық нөмірі көрсетіледі). Шетелдік сұрыптың атауы өтініш берушінің тілінде және мемлекеттік немесе орыс тіліндегі транскрипцияда жазылады;

2) тегінің, түрінің атауы (латын және мемлекеттік немесе орыс тілдерінде).

7. Өтінім беруші тұқымдық сұрыптық тектік қорды қалыптастыру және тұрақты сақтау үшін Мемлекеттік комиссияға құрамында гербарий, тұқымдар, түйнектер, баданалар, қалемшелер, гүлшоғырлары (масақтар, шашақгүлдер, собықтар және өсімдіктердің басқа да бөліктері) бар үлгіні (сұрып эталонын) жолдайды.

8. Мемлекеттік комиссия Қазақстан Республикасының басқа ұйымдары өткізген, сондай-ақ тиісті шарттар жасалған басқа мемлекеттердің сынақтарының нәтижелерін және өтінім беруші берген басқа мемлекеттердің уәкілетті органдарынан алынған деректерді пайдаланады.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 11.06.2026 № 236 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Патент қабілеттілігі мен шаруашылыққа пайдалылығы мемлекеттік сынақтың немесе өтінім берушінің деректері бойынша бағаланатын өсімдіктердің тектері мен түрлерінің тізбелері Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2026 жылғы 30 наурыздағы № 106 бұйрығымен бекітілген.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 11.06.2026 № 236 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Мемлекеттік комиссия сұрыптардың шаруашылыққа пайдалылығына сынақ өткізумен бір мезгілде ерекшелік, біртектілік, тұрақтылыққа сынақ өткізеді және морфологиялық белгілері бойынша ресми сипаттама жасайды.

11. Мемлекеттік комиссия ауыл шаруашылығы дақылдары сұрыптарының патент қабілеттілігіне (ерекшелік, біртектілік және тұрақтылық) сынақ өткізгені үшін, қоса берілген құжаттармен патент қабілеттілігіне берілген өтініштің көшірмесін, ауыл шаруашылығы өсімдігі сұрыбының атауын сараптау үшін Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 31 қаңтардағы № 30 бұйрығымен ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19995 болып тіркелген) бекітілген сұрып сынау саласындағы мемлекеттік мекемелер өндіретін және (немесе) өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) белгіленген бағалары бойынша өзге де жұмыстар мен қызметтер көрсеткені үшін төлем алады.

Ескерту. 11-тармаққа орыс тіліндегі мәтініне өзгеріс енгізіледі, қазақ тіліндегі мәтіні өзгермейді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 11.06.2026 № 236 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Селекциялық жетістік бұрын ерекшелікке, біртектілікке, тұрақтылыққа және шаруашылыққа пайдалылығына сынақтан өткен және оның сипаттамасы селекциялық жетістіктің Мемлекеттік комиссия берген морфологиялық белгілерінің ресми сипаттамасымен бірдей болған жағдайда, селекциялық жетістікке патент беруге арналған өтінім бойынша танаптық сынақтар жүргізілмейді.

Бұл ретте қоса берілген құжаттармен патент қабілеттілігіне берілген өтініштің көшірмесін, сұрыптың атауын сараптау үшін және ерекшелікке, біртектілікке, тұрақтылыққа бұрын жасалған сынақтар үшін төлем алынады.

Селекциялық жетістіктің атауы туралы қорытынды және патентке қабілеттілігі туралы қорытынды өтінім беруші көрсетілетін қызметтерге ақы төлегеннен кейін сараптама ұйымына жіберіледі.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 11.06.2026 № 236 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## 2-тарау. Сұрыптарды патент қабілеттілігіне сараптамадан және сынақтан өткізу тәртібі

### 1-параграф. Сорттардың патент қабілеттілігіне сараптама және сынақ жүргізу тәртібі

13. Сұрыпты патент қабілеттілігіне сараптау және сынау мыналарды қамтиды:

1) патент алуға арналған өтінімнің көшірмесіне сараптама жүргізу;

2) сұрып жаңалығына сараптама жүргізу;

3) сұрыптың атауына сараптама жүргізу;

4) ауыл шаруашылығы өсімдіктері сұрыптарын морфологиялық және биохимиялық белгілері бойынша ерекшелігі мен біртектілігі және селекциялық жетістікке патент беруге арналған өтінімде ұсынылған сипаттамаға сәйкестігі мәніне зертханалық жағдайларда сынау (бұдан әрі – зертханалық сынақ);

5) Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы заңның 4-бабының 3, 4 және 5-тармақтарына сәйкес ерекшелік, біркелкілік және тұрақтылық өлшемшарттарына сәйкестігін көзбен шолу арқылы бағалау арқылы Тұқым шаруашылығы туралы заңның 23-3-бабының 2-тармағына сәйкес Мемлекеттік комиссия бекіткен дақылдар кесіндісінде ерекшелік, біркелкілік және тұрақтылыққа сынақ жүргізу әдістемелерінде айқындалған белгілер бойынша далалық жағдайларда жаңа сұрыптарды үлгі-сұрыптармен салыстыра отырып зерделеу (бұдан әрі – ерекшелікке, біртектілікке және тұрақтылыққа танаптық сынау).

14. Селекциялық жетістікке патент беруге арналған өтінімнің көшірмесі және селекциялық жетістік сауалнамасы (бұдан әрі – патент беруге арналған өтінім) Мемлекеттік комиссияға сараптама ұйымынан келіп түседі.

15. Өтінім берушінің деректері бойынша сұрыпты патент қабілеттілігіне сараптау және сынау кезінде ерекшелігіне, біртектілігіне және тұрақтылығына танаптық сынақ жүргізілмейді.

16. Өтінім берушінің деректері бойынша сұрыпты патент қабілеттілігіне сараптау және сынау бір жылға дейінгі мерзімде жүргізіледі.

17. Мемлекеттік сұрыптық сынау деректері бойынша сұрыпты патенттік қабілеттілікке сараптау және сынау мынадай мерзімдерде жүргізіледі:

дәнді, дәнді-бұршақты, жарма, майлы, техникалық, иіру, бір жылдық азықтық, көкөніс, бақша, гүлді-сәндік дақылдар және картоп бойынша – кемінде екі вегетациялық кезең;

көпжылдық шөптер бойынша – пайдаланудың кемінде бір циклі;

жеміс, жидек дақылдары, жүзім бойынша – кемінде бір шаруашылық түсім;

орман дақылдары бойынша - техникалық пісіп-жетілу пайда болғанға дейін.

Мемлекеттік сұрыптық сынау деректері бойынша сұрыпты патент қабілеттілікке сараптау және сынау үшін Мемлекеттік комиссия өтінім берушіге осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тұқымдық және отырғызу материалын жеткізуге арналған наряд (бұдан әрі – тұқым жеткізуге арналған наряд) жолдайды.

Өтінім беруші Мемлекеттік комиссияға тұқым жеткізуге арналған нарядқа сәйкес тұқымдық және отырғызу материалының қажетті санын ұсынады.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 11.06.2026 № 236 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

18. Патент беруге арналған өтінім көшірмесін сараптау, сұрып жаңалығын сараптау, сұрыптың атауын сараптау екі ай мерзімде жүргізіледі.

19. Патент беруге арналған өтінім көшірмесін сараптауды Мемлекеттік комиссия ұсынылған ақпараттың толықтығын тексеру арқылы жүргізеді.

20. Егер өтінім жасалған күнге дейін белгілі бір селекциялық жетістіктің тұқымы немесе басқа да отырғызылатын материалы мына аумақта:

1) Қазақстан Республикасында – өтінім берілген күнге дейін бір жыл бұрын;

2) кез келген басқа мемлекетте - өтінім берілген күнге дейін бір жылдық дақылдар бойынша төрт жыл бұрын және көп жылдық дақылдар бойынша алты жыл бұрын сатылмаса және автор немесе оның құқықтық мирасқоры селекциялық жетістіктің тұқымын немесе басқа да отырғызылатын материалын пайдалану үшін басқа адамдарға бермесе, онда сұрып жаңа деп есептеледі.

Өтінім берілген сұрыптың жаңалығын сараптау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қолжетімділігі шектелмеген ресми тізілімдер, уәкілетті органдардың дерекқорлары, жарияланымдар және өзге де жалпыға қолжетімді дереккөздерді қоса алғанда, ашық ақпарат көздерінен алынған мәліметтерді талдау негізінде жүргізіледі.

Егер өтінім берілген сұрыптың жаңалығын сараптау нәтижесінде сұрыптың жаңалық өлшемшартына сәйкес еместігі анықталса, онда Мемлекеттік комиссия сәйкессіздік анықталған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сұрыптың патентке қабілеттілік өлшемшарттарына сай келмеуі туралы қорытынды (бұдан әрі – сұрыптың сай келмеуі туралы қорытынды) жасайды және оны сараптама ұйымына жолдайды.

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 11.06.2026 № 236 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

21. Селекциялық жетістіктің атауы Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы заңның 6-бабына сәйкес жасалады.

22. Мемлекеттік комиссия сұрып атауының Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы заңның 6-бабында көрсетілген талаптарға сәйкестігіне сараптама жүргізу нәтижелері бойынша патент беруге арналған өтінімнің көшірмесі келіп түскен күннен бастап екі айлық мерзімде осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша селекциялық жетістіктің атауын тексеру нәтижелері жөніндегі қорытындыны сараптама ұйымына жолдайды.

Егер, сұрыптың атауы Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы заңның 6-бабында көрсетілген талаптарға жауап бермесе, онда сараптама ұйымының сұранымы бойынша өтінім беруші екі айлық мерзімде сұрыптың жаңа атауын ұсынады.

23. Мемлекеттік комиссия зертханалық сынақты ерекшелікке, біртектілікке және тұрақтылыққа танаптық сынақтармен бір мезгілде жүргізеді.

Зертханалық сынақ барысында:

1) Мемлекеттік тізілімге енгізілген сұрыптарға және Мемлекеттік тізілімге енгізілмеген сұрыптарға бөле отырып, патент қабілеттілігіне және шаруашылыққа пайдалылығына сараптама және сынақ өткізілген сұрыптардың деректер жинағын (бұдан әрі – деректер банкі) пайдалана отырып, басқа сұрыптардан ерекше белгілердің бар-жоғы анықталады;

2) ұсынылған материалдарды көзбен талдау негізінде белгілердің біртектілігіне баға беріледі;

3) электрофорез әдісімен биохимиялық зерттеулер жүргізіледі.

4) Республикалық зертхана зертханалық сынақтың нәтижелерін Мемлекеттік комиссияға осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жібереді.

Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 11.06.2026 № 236 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

24. Өтінім беруші ұсынған селекциялық жетістік сауалнамасында көрсетілген белгілерге сәйкессіздігі және морфология мен электрофоретикалық спектрдің белоктық формуласы бойынша анық көрінетін ерекше белгілердің болмауы анықталған кезде Мемлекеттік комиссия зертханалық сынақтың нәтижелерін растау үшін біртектілікке, ерекшелікке және тұрақтылыққа далалық сынақ жүргізеді. Зертханалық сынақтың нәтижелері расталған кезде, Мемлекеттік комиссия 5 (бес) жұмыс күні ішінде сараптама ұйымына сұрыптың сәйкессіздігі туралы қорытындыны жолдайды.

Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 11.06.2026 № 236 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

25. Зертханалық сынақтың оң нәтижелері алынған кезде Мемлекеттік комиссия 5 ( бес) жұмыс күні ішінде ерекшелікке, біртектілікке және тұрақтылыққа танаптық сынақтарды жалғастыру туралы шешім қабылдайды.

Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 23.12.2024 № 408 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

26. Сұрып патент беруге арналған өтінім беру сәтінде бар екені баршаға мәлім болып табылатын кез келген басқа сұрыптан ерекше болса, сұрып ерекшелік талаптарына жауап береді.

27. Егер көбею ерекшеліктерін ескере отырып селекцияланатын белгілері бойынша біртекті болып қалса, сұрып біртекті деп саналады.

28. Негізгі белгілері әрбір көбеюден кейін, ал көбеюдің ерекше циклі кезінде – әрбір көбею циклі соңында өзгеріссіз қалса, сұрып тұрақтылық өлшемшартына жауап береді.

29. Мемлекеттік комиссия деректер банкін пайдалана отырып 10 (он) жұмыс күні ішінде сұрыпты ерекшелікке, біртектілікке және тұрақтылыққа сынау нәтижелерін өңдейді. Нәтижелерін селекциялық жетістіктерді мемлекеттік сынақтан өткізу және қорғау мәселелері бойынша ұсыныстарды дайындау мақсатында Мемлекеттік комиссия құрған Мемлекеттік тізілімге өзгерістер енгізуді қарау жөніндегі сараптамалық кеңес ( бұдан әрі – Сараптамалық кеңес) қарайды және патентке қабілеттілік туралы қорытындыны жасайды.

Ескерту. 29-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 11.06.2026 № 236 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

30. Егер өтінім беруші Мемлекеттік комиссия жолдаған тұқымды жеткізуге арналған нарядқа сәйкес тұқымдық материалды 2 (екі) жыл қатарынан ұсынбаған жағдайда, сұрып патент қабілеттілігіне сараптаудан және сынаудан алынады.

31. Егер, Мемлекеттік комиссия жүргізген патент қабілеттілігін сараптау және сынау нәтижесінде өтінім берілген сұрыптың патент қабілеттілігі шарттарына сәйкестігі анықталса, Мемлекеттік комиссия осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес сұрып сипаттамасын, осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес сұрыптың патент қабілеттілігі туралы қорытындыны жасайды және 5 (бес) жұмыс күні ішінде сканерленген көшірмені сараптама ұйымына жолдайды.

Ескерту. 31-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 11.06.2026 № 236 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

32. Мемлекеттік комиссия өтінім берілген сұрыптың жаңалық, ерекшелік, біртектілік және тұрақтылық өлшемшарттарының біреуіне сәйкессіздігін анықтаған кезде, Мемлекеттік комиссия сұрыптың сәйкессіздігі туралы қорытынды жасайды және 5 (бес) жұмыс күні ішінде сканерленген көшірмені сараптама ұйымына жолдайды.

Ескерту. 32-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 11.06.2026 № 236 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

33. Патент иеленуші сұрыпты патенттің қолданылу мерзімі ішінде сараптама ұйымы жүргізетін Қазақстан Республикасында өсімдіктердің қорғалатын сұрыптарының мемлекеттік тізілімінде оларды тіркеген күні жасалған сұрыптың ресми сипаттамасында көрсетілген белгілері сақталатындай қалыпта ұстайды.

34. Патент иеленуші Мемлекеттік комиссияның сұрауы бойынша бақылау сынақтарын жүргізу және сұрыптың сақталуын тексеру үшін тұқымдық материалдың үлгілерін сұраным жіберілген күннен бастап 12 (он екі) ай ішінде жолдайды.

**2-параграф. "Ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің шаруашылыққа жарамдылығын мемлекеттік сынау" мемлекеттік қызметін көрсету тәртібі**

35. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

36. Сұрыпты шаруашылыққа пайдалылығына мемлекеттік сынау мыналардан тұрады:

1) селекциялық жетістікті шаруашылыққа пайдалылығына сынауға арналған өтінімді (бұдан әрі – өтінім) қабылдау;

2) өтінімді және сұрып атауын сараптау;

3) шаруашылыққа пайдалылығына танаптық сынақтар жүргізу;

4) морфологиялық белгілері бойынша сұрыпты сәйкестендіру;

5) деректер банкінде сұрыптық тиесілілігін анықтайтын дәл және жаңғыртылатын белгілері бойынша сұрыптың сипаттамасын тіркеу.

Егер мәлімделген сұрыпта патент беруге оң қорытынды болса, сұрып атауына сараптама жүргізілмейді.

37. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін өтінім беруші не сенімхат бойынша оның өкілі (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) қағаз түрінде Мемлекеттік комиссияның кеңсесі арқылы не www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – веб-портал) арқылы осы Қағидаларға 6-қосымшада көрсетілген құжаттар мен материалдарды қамтитын өтінімді береді.

38. "Ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің шаруашылыққа жарамдылығын мемлекеттік сынау" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) осы Қағидаларға 6-қосымшада жазылған.

Ескерту. 38-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 23.12.2024 № 408 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

39. Мемлекеттік комиссияның кеңсе маманы өтінім мен Тізбеде көрсетілген құжаттар мен материалдар келіп түскен күні оларды тіркеуді жүзеге асырады және келіп түскен сәттен бастап 30 (отыз) минут ішінде жауапты орындаушыны айқындау үшін Мемлекеттік комиссияның басшысына жібереді.

Мемлекеттік комиссияның кеңсесінде өтінімнің көшірмесінде күні, уақыты (сағаты, минуты) көрсетіле отырып, оның тіркелгені туралы белгі қағаз жеткізгіштегі өтінімнің қабылданғанын растау болып табылады.

Көрсетілетін қызметті алушы веб-портал арқылы мемлекеттік қызметті алу үшін жүгінген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұранымның қабылданғаны туралы мәртебе, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама көрсетіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық емес топтамасын және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған жағдайда, Мемлекеттік комиссияның жауапты орындаушысы өтінімді қабылдаудан бас тартады.

Көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтінімдерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру одан кейінгі жақын жұмыс күні жүзеге асырылады.

Ескерту. 39-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 09.12.2022 № 408 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

40. Шетелдік көрсетілетін қызметті алушылардан өтінім Мемлекеттік комиссияға сенімхат бойынша олардың өкілі және (немесе) өкілдіктері арқылы беріледі. Көрсетілген өкілдер мен өкілдіктер өтінім бойынша, оның ішінде тұқымды жеткізу наряды бойынша шаруашылық пайдалылығына мемлекеттік сынау үшін тұқымдық және отырғызу материалдарын кедендік ресімдеу және тарату жөніндегі істерді жүргізуге байланысты іс-әрекеттерді жүзеге асырады.

41. Селекциялық жетістікті кезекті ауыл шаруашылығы жылының мемлекеттік сынақ жоспарларына енгізу үшін өтінімді көрсетілетін қызметті алушы Мемлекеттік комиссияға 25 желтоқсаннан кешіктірмей, күздік егіс дақылдары бойынша 31 қаңтардан кешіктірмей береді.

42. Тізбеде көрсетілген құжаттар мен материалдар Мемлекеттік комиссияға сұрыптың атауын көрсете отырып (егер атауы айқындалмаса, онда селекциялық нөмірі көрсетіледі) және көрсетілетін қызметті алушының қолы қойылып, жіберіледі. Сұрыптың атауы көрсетілмеген құжаттар (егер атауы айқындалмаса – селекциялық

нөмірі) қаралмай, өтінім келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде кері қайтарылады.

Ескерту. 42-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 09.12.2022 № 408 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

43. Өтінімге келіп түскен және өтінімнің бастапқы құжаттарында келтірілмеген және мәлімделген сұрыптың мәнін өзгертетін белгілері бар қосымша құжаттар өтінімді қарау кезінде назарға алынбайды.

44. Мемлекеттік комиссиямен хат алмасуды көрсетілетін қызметті алушы әрбір өтінім бойынша жеке-жеке жүргізеді.

45. Көрсетілетін қызметті алушының деректері бойынша сұрыпты шаруашылыққа пайдалығына мемлекеттік сынау бір жылға дейінгі мерзімде жүргізіледі.

46. Мемлекеттік сұрыптық сынақ деректері бойынша сұрыпты шаруашылыққа пайдалығына мемлекеттік сынау танаптық тәжірибелер отырғызылған күннен бастап мынадай мерзімдерде жүргізіледі:

дәнді, дәнді-бұршақты, жарма, майлы, техникалық, иіру, бір жылдық азықтық, көкөніс, бақша, гүлді-сәндік дақылдар және картоп бойынша – кемінде екі вегетациялық кезең;

көпжылдық шөптер бойынша – пайдаланудың кемінде екі циклі;

жеміс, жидек дақылдары және жүзім бойынша – кемінде екі шаруашылық түсім.

Сұрыпты шаруашылыққа пайдалылығына мемлекеттік сынау кезеңінде қолайсыз ауа райы жағдайларында, еңсерілмес күштің мән-жайлары туындаған жағдайларда мемлекеттік сынау мерзімі сұрыпты қосымша зерделеу үшін бір вегетациялық кезеңге ұзартылады.

47. Мемлекеттік комиссияның жауапты орындаушысы өтінім келіп түскен күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде өтінімге және сұрыптың атауына сараптама жүргізеді .

Өтінімнің және сұрып атауының сараптамасына өтінімнің дұрыс толтырылуын қарау және селекциялық жетістіктің сауалнамасын сараптау, сондай-ақ ұсынылған атаудың Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы заңның 6-бабында көрсетілген талаптарға сәйкестігін тексеру кіреді.

48. Мемлекеттік комиссияның жауапты орындаушы Мемлекеттік комиссияның деректер банкі арқылы сұрыптың морфологиялық белгілері бойынша ерекшелігіне, сондай-ақ Мемлекеттік комиссияның сұрыптары атауларының базасы арқылы сұрып атауының Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы заңның 6-бабына сәйкестігіне сараптама жүргізеді.

49. Осы Қағидалардың 62-тармағында көрсетілген негіздер бойынша Мемлекеттік комиссияның жауапты орындаушысы өтінім келіп түскен күннен бастап 10 (он) жұмыс

күні ішінде көрсетілетін қызметті алушыға осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы уәжді жауап жібереді.

Өтінімге және сұрыптың атауына сараптама жүргізудің оң нәтижесінен кейін Мемлекеттік комиссияның жауапты орындаушысы көрсетілетін қызметті алушыға осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша селекциялық жетістікті шаруашылыққа пайдалылығына мемлекеттік сынауға өтінімнің қабылданғаны туралы хабарлама жібереді.

49-1. Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер болған кезде Мемлекеттік комиссия көрсетілетін қызметті алушыны мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушыға алдын ала шешім бойынша өз ұстанымын білдіру мүмкіндігі үшін тыңдалым өткізу уақыты мен орны (тәсілі) туралы хабардар етеді.

Тыңдалым туралы хабарлама осы Қағидалардың 49-тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген мерзім аяқталғанға дейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірілмей жіберіледі. Тыңдалым хабардар етілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдалым рәсімі Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процессуалдық кодексінің (бұдан әрі – ҚР ӘРПК) 73-бабына сәйкес жүргізіледі.

Тыңдалым нәтижелері бойынша Мемлекеттік комиссия селекциялық жетістіктің шаруашылыққа пайдалылығын мемлекеттік сынауға өтінімді қабылдау туралы не мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Ескерту. 49-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 09.12.2022 № 408 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

49-2. Өтінім беруші бұрын берілген селекциялық жетістікті шаруашылыққа пайдалылығы бойынша мемлекеттік сынақтан өткізуге арналған өтінімді:

жаздық дақылдар бойынша – 1 наурызға дейін;

күздік дақылдар бойынша – 1 шілдеге дейін қайтарып ала алады.

Ескерту. 2-тарау 49-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 11.06.2026 № 236 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

49-3. Өтінім беруші ауысқан кезде сорт оригинаторы Мемлекеттік комиссияны жазбаша түрде хабардар етеді.

Ескерту. 2-тарау 49-3-тармақпен толықтырылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 11.06.2026 № 236 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

50. Шаруашылыққа пайдалылығына танаптық сынақтар жүргізу үшін Мемлекеттік комиссия көрсетілетін қызметті алушыға тұқым жеткізуге наряд жібереді.

Көрсетілетін қызметті алушы Мемлекеттік комиссияға тұқым жеткізуге арналған нарядта көрсетілген мекенжайлар бойынша және мерзімдерде тұқымдық және отырғызу материалының қажетті мөлшерін ұсынады.

51. Егер көрсетілетін қызметті алушы топырақтық-климаттық параметрлер бойынша әкімшілік-аумақтық бірліктің пайдалануы үшін ұсынылатын жағдайларға ұқсас жағдайларда жүргізілген басқа мемлекеттердің уәкілетті органдарының сұрыпты сынақтан өткізуінің оң нәтижелерін растайтын құжаттаманы берсе, көрсетілетін қызметті алушының деректері бойынша сұрыпты шаруашылыққа пайдалылығына мемлекеттік сынау кезінде танаптық сынақтар жүргізілмейді.

Көрсетілетін қызметті алушы ұсынған сұрыпты сынау нәтижелері сыналатын сұрыптарды шаруашылыққа пайдалы белгілері бойынша (бұдан әрі – шаруашылыққа пайдалы белгілері бойынша стандарт) салыстыру жүргізілетін, пайдалануға ұсынылатын сұрыптардың ішінен ең жақсы сұрыбынан өнімділіктің асып кеткенін, шаруашылыққа пайдалы белгілері бойынша стандарттар деңгейінде негізгі ауруларға төзімділігін немесе сұрыпты пайдалану мақсатын айқындайтын шаруашылыққа бағалы ерекше белгілердің болуын куәландырады.

Көрсетілетін қызметті алушының деректері болмаған кезде, танаптық сынақтар осы Бұйрықтың 46-тармағында көрсетілген мерзімдерде жүргізіледі.

Ескерту. 51-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 11.06.2026 № 236 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

52. Танаптық сынақтар дақылдың дамуын қамтамасыз ететін жағдайларда бір жерде жүргізіледі.

52-1. Мемлекеттік сынақтар мемлекеттік сорт сынау учаскелерінде ( станцияларында) немесе өтінім берушінің жер учаскесінде (келісу бойынша) жүргізіледі.

Ескерту. 2-тарау 52-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 11.06.2026 № 236 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

53. Шаруашылыққа пайдалылығына мемлекеттік сынақ жүргізу барысында Мемлекеттік комиссияның жауапты орындаушысы екі вегетациялық кезең өткеннен кейін сұрыптың морфологиялық белгілері (ерекшелігі, біртектілігі және тұрақтылығы) бойынша сәйкестендіруді жүргізеді, оның нәтижелері бойынша сұрыптың ресми сипаттамасы жасалады.

54. Сұрып біртектілік, ерекшелік, тұрақтылық өлшемшарттарына сәйкес келмеген кезде Мемлекеттік комиссия өтінімді қабылдамау және сұрыптың шаруашылыққа пайдалылығына мемлекеттік сынауды тоқтату туралы шешім қабылдайды және Мемлекеттік комиссияның жауапты орындаушысы Мемлекеттік комиссия басшысының қолы (ЭЦҚ) қойылған, осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан

бойынша мемлекеттік қызметті көрсету туралы хабарламаны дайындайды және шешім қабылданған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушыға жолдайды.

Ескерту. 54-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 11.06.2026 № 236 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

55. Егер көрсетілетін қызметті алушы өтінім тіркелген сәттен бастап қатарынан 2 (екі) жыл бойы Мемлекеттік комиссия жіберген тұқымды жеткізуге арналған нарядқа сәйкес шаруашылыққа пайдалылығына мемлекеттік сынау үшін тұқымдық және отырғызу материалын ұсынбаған жағдайда, сұрып ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің шаруашылыққа пайдалылығына мемлекеттік сынаудан алынады.

56. Көрсетілетін қызметті алушының деректері бойынша және мемлекеттік сынақтың деректері бойынша ауыл шаруашылығы өсімдіктерін шаруашылыққа пайдалылығына мемлекеттік сынау нәтижелерін Сараптамалық кеңес қарайды.

Сараптамалық кеңес мемлекеттік сынау нәтижелерін қарау қорытындылары бойынша осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша селекциялық жетістікті ауыл шаруашылығы өсімдіктерін шаруашылыққа пайдалылығына одан әрі мемлекеттік сынақтан алу негіздемесі бар қорытынды немесе осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша селекциялық жетістікті шаруашылық-бағалы белгілер кешені бойынша Қазақстан Республикасында пайдалануға ұсынылатын селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізіліміне енгізу негіздемесі бар қорытынды (бұдан әрі – Сараптамалық кеңестің қорытындысы) жасайды.

Ескерту. 56-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 11.06.2026 № 236 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

57. Мемлекеттік комиссия Сараптамалық кеңестің қорытындысы жасалған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті беруші құрған Ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің сұрыптарын сынау мәселелері жөніндегі республикалық комиссияның (бұдан әрі – комиссия) қарауына Сараптамалық кеңестің сынақ нәтижелері мен қорытындысын жібереді.

58. Комиссия сынақтар нәтижелерін және Сараптамалық кеңестің қорытындысын қарау қорытындылары бойынша Мемлекеттік тізілімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде тиісті шешім қабылдау үшін қызмет берушіге сұрыпты сынаудан алу туралы немесе сұрыпты шаруашылыққа бағалы белгілер кешені бойынша пайдалануға ұсыну туралы ұсыныс жібереді.

59. Көрсетілетін қызметті беруші Мемлекеттік тізілім бекітілгеннен кейін Тұқым шаруашылығы туралы заңның 6-бабы 1-тармағының 21) тармақшасына сәйкес 3 (үш) жұмыс күні ішінде бұйрықтың көшірмесін Мемлекеттік комиссияға жібереді.

60. Мемлекеттік комиссия бұйрықты алғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушыға осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызмет көрсету туралы хабарламаны жібереді.

61. Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті мәліметтерді қамтитын ақпараттық жүйе істен шыққан жағдайда, Мемлекеттік комиссия операторды дереу хабардар етеді.

Бұл жағдайда оператор 1 (бір) жұмыс күні ішінде еркін нысанда техникалық проблема туралы хаттама жасайды және оған көрсетілетін қызметті беруші қол қояды.

Мемлекеттік комиссия Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне өтінімді қабылдау сатысы туралы деректердің енгізілуін қамтамасыз етеді.

62. Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартуға мыналар негіз болып табылады:

1) көрсетілетін қызметті алушының сұрыпты сынақтан өткізу үшін ұсынған құжаттарының және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігінің анықталуы;

2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) ұсынылған материалдардың, сұрыпты сынақтан өткізу үшін қажетті деректер мен мәліметтердің осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі.

**3-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік комиссияның және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі**

63. Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік комиссияның мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына, Мемлекеттік комиссияға, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға беріледі.

Шағым келіп түскен жағдайда ҚР ӘРПК-нің 91-бабы 4-тармағына сәйкес көрсетілетін қызметті беруші, Мемлекеттік комиссия оны келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей шағымды қарайтын органға (жоғары тұрған әкімшілік органға және (немесе) лауазымды адамға) жібереді. 3 (үш) жұмыс күні ішінде қолайлы акт қабылданған, шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын әкімшілік іс-әрекет жасалған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші, Мемлекеттік комиссия шағымды қарайтын органға (жоғары тұрған әкімшілік органға және (немесе) лауазымды адамға) шағымды жібермейді.

